

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 қазандағы N 488-ІІ Заңы

"Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 12-құжат, N 15-16, 232-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

2) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) астық қолхатын ұстаушы - астық иесі, астық қолхатымен индоссамент жасаған жағдайларда - индоссат;" ;

мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) қойма куәлігін ұстаушы - кепілмен ауыртпалық жасалған астық иесі, қойма куәлігімен индоссамент жасалған жағдайларда - индоссат;

7-2) кепіл куәлігін ұстаушы - кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттемеде астықты кепілге ұстаушы болып табылатын тұлға;" ;

11), 12) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"11) астықтың сапасы - астықтың мемлекеттік стандарттардың, техникалық жағдайлардың, санитарлық, ветеринариялық және фитосанитариялық ережелер мен нормалардың, гигиеналық нормативтер мен өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуін айқындайтын тұтыну қасиеттерінің жиынтығы;

12) астық рыногының мониторингі - астықты өндіруді, сақтауды, қайта өңдеуді және сатуды қоса алғанда, астық рыногына қатысушылар жүзеге асыратын астықпен жасалатын операциялар туралы деректерді жинауға, өңдеуге және талдауға бағытталған тұрақты іс-шаралар жиынтығы;" ;

"14) мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңарту - оның бір бөлігін сату және жаңа егіннің астығы есебінен мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің белгіленген көлемін және қажетті сапасын ұстап тұру мақсатында жаңа егіннің астығын сатып алу;" ;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) мемлекеттік астық ресурстарын ауыстыру - мемлекеттік астық ресурстарын бір астық қабылдау кәсіпорнынан басқасына тасу;" ;

20), 21), 23) - 25) тармақшалар алып тасталсын;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) астық сапасының сертификаты - астық сапасының нақты көрсеткіштерін және

олардың стандарт талаптарына және (немесе) келісім-шарт талаптарына сәйкестігін
к у ә л а н д ы р а т ы н қ ұ ж а т ; " ;

мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесі - астық қабылдау кәсіпорындарының өздері берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан астық қолхаттарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар кешені;" ;

27) тармақша "тасымалдауға" деген сөзден кейін ", қайта өңдеуге" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры - астық қабылдау кәсіпорындарының өздері берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын заңды тұлға;" ;

30) тармақшадағы "қызметтің айрықша түрі құқығымен" деген сөздер алып
т а с т а л с ы н ;

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31) астықты сақтау - астық қоймасында (элеваторда, астық қабылдау пунктінде) жүзеге асырылатын, астық қабылдауды, өлшеуді, кептіруді, тазартуды, сақтауды және тиіп жөнелтуді қамтитын қызмет көрсетулердің технологиялық кешені;" ;

мынадай мазмұндағы 32) тармақшамен толықтырылсын:

"32) астықтың сапасына сараптама жасау - көлік құралын (қойманы) зерттеуді, сынаманы іріктеу мен сынақтан өткізуді, сапа сертификатын ресімдеуді қамтитын астық сапасының нақты көрсеткіштерін белгілеу мен растауға бағытталған шаралар
к е ш е н і . " ;

2) 4 - б а п т а :

2) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының сертификаттау туралы заңдарына сәйкес астықты
с е р т и ф и к а т т а у ; " ;

"4) астық қабылдау кәсіпорындарының астық сақтау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын, астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу жөніндегі ережелерді
с а қ т а у ы н б а қ ы л а у ; " ;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) астықтың сапасына сараптама жасау жөніндегі аккредиттелген зертханалардың
қ ы з м е т і н б а қ ы л а у ; " ;

7) тармақша "қорғау" деген сөзден кейін "және олардың карантині" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

9) тармақша алып тасталсын ;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құруға, олардың жұмыс істеуі мен таратылуына қойылатын талаптарды, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарын, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктер алу тәртібін, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттің осындай қорларға қатысу нысаны мен тәртібін белгілейді;"

4) 6 - б а п т а :

4) тармақшадағы "мемлекеттік ресурстардың астығын" деген сөздер "мемлекеттік астық ресурстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшадағы "мен өсімдіктерді қорғаудың" деген сөздер ", өсімдіктерді қорғау мен олардың карантинінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) астық қабылдау кәсіпорындарының астық сақтау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын, астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу жөніндегі ережелерді с а қ т а у ы н б а қ ы л а у ;

8) Қазақстан Республикасының астық туралы заңдарын бұзу туралы нұсқамаларды беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;"

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2) және 9-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) астықтың сапасына сараптама жасау жөніндегі аккредиттелген зертханалардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысу;

9-2) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша астықтың сапасына сараптама жасау және астықтың сапасына сертификат беру тәртібіне талаптар әзірлеу;

9-3) осы Заңның 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп-жөнелтуге т ы й ы м с а л у ; " ;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) астықтың сандық-сапалық есепке алынуы, сақталуы жөніндегі, сондай-ақ астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;"

12) - 14) тармақшалар алып тасталсын;

5) 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін астық санитариялық және

фитосанитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес болуға тиіс."; 2-тармақ "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін ", оның аумақтық органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) фитосанитариялық бақылауды қамтиды.";

б) тармақша алып тасталсын;

б) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Астықтың сапасына сараптама жасау

1. Астықтың сапасына сараптама жасауды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады.

2. Астық сапасының сертификатынсыз, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес талап етілетін өзге де құжаттарсыз экспорттау мен импорттау кезінде астық сатуға жол берілмейді.";

7) 9 - б а п т а :

2-тармақ "тасуға" деген сөзден кейін "(, ауыстыруға)" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"экспорттау мен импорттау кезінде азық-түліктік және жемдік астыққа - астық сапасының сертификаты";

8) 1 0 - б а п т а :

3) тармақша "қорғау" деген сөзден кейін "және оның карантині" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшаға енгізілген өзгеріс Заңның мемлекеттік тілдегі мәтінінде дұрыс жазылған;

9) 1 1 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "тұқымдық астық" деген сөздер "тұқым" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік жемдік астық ресурстары мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының азық жөніндегі қажеттерін қамтамасыз етуге арналған, сондай-ақ техникалық мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік тұқым ресурстары - төтенше жағдайлар болғанда ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге көмек көрсету, Қазақстан Республикасының тұқым материалына деген қажеттерін тұрақты қамтамасыз ету, сорт жаңартуды, сорт алмастыруды жүргізу, мемлекетаралық келісімдерді орындауды қамтамасыз ету үшін құрылған және соған арналған мемлекеттік тұқым запасы.

5. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары - ішкі рынокты реттеу, астықты

экспортқа шығаруды қамтамасыз ету, ішкі рынокта сату, гуманитарлық көмек көрсету және мемлекеттік азық-түліктік астық резервін, мемлекеттік тұқым ресурстарын және мемлекеттік жемдік астық ресурстарын жаңарту үшін құрылған және соған арналған а с т ы қ з а п а с ы .

6. Мемлекеттік астық ресурстарын сатып алу жөніндегі шығыстар:

1) мемлекеттік азық-түліктік астық резерві, мемлекеттік сатылатын астық ресурстары үшін - республикалық бюджет;

2) мемлекеттік тұқым ресурстары, мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған басқа да көздер есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және ауыстыру жөніндегі шығыстар:

1) мемлекеттік азық-түліктік астық резерві үшін - республикалық бюджет;

2) мемлекеттік тұқым ресурстары, мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған басқа көздер есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы . " ;

10) 12-баптың 1-тармағы "жаңарту" деген сөзден кейін ", ауыстыру" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

11) 5-тараудың тақырыбы "және қырман шаруашылықтары" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 2) 1 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "тек қана" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бір немесе бірнеше астық қоймаларында (элеваторларда, астық қабылдау пункттерінде) астықты сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алуға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті органның тиісті лицензиясы жоқ бірде-бір тұлға:

1) қырман шаруашылықтарында жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, негізгі немесе қосымша қызмет ретінде астық сақтау жөнінде қызмет көрсетуге;

2) өз атауында, құжаттарында, хабарландырулары мен жарнамаларында "астық қабылдау кәсіпорны", "астық қоймасы", "астық қабылдау пункті", "элеватор" деген сөздерді немесе ол астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асырады деп ұйғарылатын, солардан туындайтын сөздерді пайдалануға құқылы емес.";

13) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесі және қоры (қорлары)

1. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорымен (қорларымен) жасалған шарттардың негізінде астық қабылдау кәсіпорындары ғана

астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қ а т ы с у ш ы б о л у ы м ү м к і н .

Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатыспайтын астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхаттарын және олардың бөліктерін ұстаушылардың алдындағы шарт бойынша өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыруға міндетті.

2. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушылардың міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілікте болады.

3. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құруға, олардың жұмыс істеуі мен таратылуына қойылатын талаптарды, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарын, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктерін алу тәртібін, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттің осындай қорларға қатысу нысаны мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

4. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушылар - астық қабылдау кәсіпорындары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз мүлкін және өзге де мүліктік мүдделерді сақтандыра (өзара сақтандыра) алады.

5. Осы Заңға сәйкес уақытша басқару енгізілген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушы - астық қабылдау кәсіпорнының астық қолхаттарын ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыруды астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірінші кезектегі тәртіппен жүргізеді.";

14) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Қырман шаруашылықтары

Меншік құқығымен жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі және астықтың тауарлық партиясын қалыптастыру мен оларды лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарында сақтау үшін кейіннен ауыстыру, сондай-ақ астық дақылдары тұқымдарының партиясын қалыптастыру және оларды сақтау мақсатында бастапқы өңдеуге арналған техникалық құрылыс қырман шаруашылығы деп танылады.

Қырман шаруашылығында жүзеге асырылатын қызмет лицензиялануға жатпайды. Осы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар астық қолхаттарын беруге құқылы емес.";

15) 17-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) астық қабылдау кәсіпорындары астықты сақтау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын сақтау нысанасындағы қызметін, сондай-ақ астық қолхаттары

тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есепке алынуын және сақталуын қамтамасыз етуді жүргізу талаптарын инспекциялау (тексеру);";

16) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін шектеу

1. Астық қабылдау кәсіпорындары астық сақтауға жатпайтын қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде, үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдік беруге және мүлікті кепілге салуға құқылы емес, оған мыналар кірмейді:

1) ұн өнімдерін, құрама-жем, нан-бөлке және макарон бұйымдарын өндіру мен сату;

2) жанар-жағармай материалдарын, қатты отынды сақтау жөнінде қызмет көрсету.

Бұл орайда жоғарыда тізбеленген қызмет түрлеріне байланысты пайдаланылатын құрылыстар астық қоймасымен (элеватормен, астық қабылдау пунктімен) технологиялық байланыста болуға және (немесе) бір аумақта не оған іргелес жатқан аумақта болуға тиіс. Астық қабылдау кәсіпорындары астық сақтау және астық сақтауға байланысты емес қызмет бойынша операциялардың бөлек есепке алынып жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Рынокта басым жағдайға ие болған астық қабылдау кәсіпорындарының:

1) көрсетілетін қызмет үшін осы Заңның 18-бабына сәйкес реттеуші орган белгілегеннен артық мөлшерде ақы алуына;

2) көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу жағдайларын күштеп таңуына немесе көрсетілетін қызметтердің тұтынушыларын кемсітушілікке немесе тұтынушылардан белгіленген тарифтерде ескерілмеген ақы алу есебінен табыс табуға әкеп соғатын өзге де әрекеттер жасауына тыйым салынады.";

17) 21-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Астық қабылдау кәсіпорындарының астықты сақтау жөніндегі қызметіне, астық рыногы мониторингін оның қатысушыларының жүргізуіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау мәселелері бойынша есеп жүргізудің және есептілік ұсынудың тізбесін, нысандары мен мерзімдерін мемлекеттік статистика органдарымен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.";

18) 24 - б а п т а :

1-тармақтағы "біліктілік талаптарына сәйкестігі жөнінде" деген сөздер алып тасталсын ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Астық қабылдау кәсіпорындары тексеру тапсырмасында аталған мәселелер бойынша тексеруді жүргізуде уәкілетті органға жәрдем беруге, сондай-ақ тексеру жүргізу үшін қажетті ақпараттың барлық көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті." ;

19) мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

"24-1-бап. Мемлекеттік астық инспекторы және оның

1. Уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарына сәйкес "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас астық инспекторы" және "Мемлекеттік астық инспекторы" деген қосымша арнайы атақтарды беруге құқылы.

2. Уәкілетті органның мемлекеттік астық инспекторларының:

1) астықтың сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен астықты өндіру, қабылдау, сақтау, тиеп жөнелту және қайта өңдеу орындарына кедергісіз кіруге (қызмет куәлігін көрсете отырып) және астық рыногын мемлекеттік бақылауды және оған мониторинг жүргізуді жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алуға;

3) астық қабылдау кәсіпорындарының астық сақтау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын, астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу жөніндегі ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заң актілеріне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;

5) астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) қайтарып алу, астық қабылдау кәсіпорнына уақытша басқаруды енгізу, астық қабылдау кәсіпорындарына, олардың лауазымды адамдарына айыппұл салу және оны өндіріп алу туралы ұсыныстар енгізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асыруға құқығы бар."

20) 25 - бапта :

1-тармақтағы "Астық рыногын реттеу мәселелері" деген сөздер "Астықты сақтау, сандық-сапалық есепке алу мәселелері жөніндегі, сондай-ақ астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Астық қабылдау кәсіпорындарына, олардың лауазымды адамдарына айыппұл салу және оны өндіріп алу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі."

21) 26-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың негіздемелері

1. Астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтас алғанда немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру:

1) астық қолхатынан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген фитосанитариялық ережелер

мен нормаларды бұзғаны;

3) нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны не уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын орындамағаны;

4) астық қабылдау кәсіпорындары үшін шектелген қызметті жүзеге асырғаны;

5) астық қолхаттарын ұстаушылардың өтініштері бойынша, астықты қабылдау және түсіру-тиеу кезінде және олар құжаттамамен расталған жағдайда астықтың саны мен сапасының көрсеткіштерін үнемі бұрмалау фактілерін анықтағаны (кейінгі күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп рет);

6) жыл сайын міндетті аудит өткізу туралы талаптарды орындамағаны үшін жүргізіледі." ;

22) 27 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны кері қайтарып алудың негіздемелері";

бірінші абзац "Лицензия" деген сөз "Астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Лицензия лицензиат лицензиядан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда соттан тыс тәртіппен кері қайтарып алынады." ;

23) 28-баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

"1) астық сақтау жөніндегі шарттық міндеттемелерді үнемі тиісінше орындамауы;

2) астық қолхаттарымен қамтамасыз етілген астық мөлшерінің астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астықтың нақты мөлшерінен асып кетуі бойынша ғана уақытша басқаруға берілуі мүмкін." ;

24) 29-баптың 1-тармағының 1) тармақшасына енгізілген өзгеріс Заңның мемлекеттік тілдегі мәтінінде дұрыс жазылған;

25) 7-тараудың тақырыбы "және олардың астық қоймаларын (элеваторларды, астық қабылдау пункттерін) иеліктен шығару тәртібі" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 37, 39, 40 және 41-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Астық қабылдау кәсіпорнының астық қоймасын (элеваторды, астық қабылдау пунктін) иеліктен шығару ерекшеліктері

1. Астық қабылдау кәсіпорнының астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бөлінбейтін мүлік болып табылады және сатып алушының (алушының) оны астық сақтау мақсаты үшін пайдалану шарты бойынша бірыңғай кешенмен иеліктен шығарылады .

2. Астық қоймасын (элеваторды, астық қабылдау пунктін) сатуға кем дегенде екі ай калғанға дейін астық қабылдау кәсіпорны өзіне белгілі астық қолхаттарын ұстаушыларды мүліктік кешеннің иеліктен шығарылатыны туралы жазбаша хабардар

етуге, сондай-ақ республикалық баспа басылымдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде бұл туралы хабарландыру беруге тиіс.

3. Астық қабылдау кәсіпорны мүліктік кешенді иеліктен шығарған жағдайда астық қолхаттарын ұстаушыда сақтау шартын мерзімінен бұрын бұзу және астықты белгіленген тәртіппен алу не астық қоймасының (элеватордың, астық қабылдау пунктiнiң) бұрынғы иесiмен жасасқан шарт талабымен бiрдей астық қоймасының жаңа иесiмен де қайта шарт жасасу құқығы сақталады.

4. Астық қабылдау кәсіпорнының осы баптың 1-3-тармақтарын бұза отырып жасаған астық қоймаларын (элеваторды, астық қабылдау пунктiн) сату жөнiндегi мәмілелерiн астық қолхаттарын ұстаушылар мен өзге де мүдделi тұлғалардың талап-арызы бойынша сот заңсыз деп тануы мүмкiн.

5. Астық қоймасын (элеваторды, астық қабылдау пунктiн) иеленген не оны сот (аралық сот) шешiмiн орындау тәртiбiмен алған тұлға бұрынғы астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхатынан туындайтын мiндеттемелер бойынша астықты қабылдап-өткiзу жөнiндегi комиссия жасаған және уәкiлеттi органның тиiстi аумақтық бөлiмшесiнiң мемлекеттiк астық инспекторы бекiткен астық қалдықтарын түгендеу актiсiмен белгiленген мөлшерде жауапты болады.

Егер астық қалдықтарын түгендеу актiсi жасалмаған болса, астық қоймасының (элеватордың, астық қабылдау пунктiнiң) жаңа иесi бұрынғы астық қабылдау кәсіпорны берген барлық астық қолхаттары бойынша жауапты болады.";

" 3 9 - б а п . А с т ы қ қ о л х а т ы

1. Астық қабылдау кәсіпорны астықты сақтауға қабылдағанын растайтын астық қ о л х а т ы н б е р е д i .

2. Астық қолхаты қажет болған жағдайда бiр-бiрiнен бөлiнуi мүмкiн екi бөлiктен - қойма куәлiгiнен және кепiл куәлiгiнен тұрады. Астық қолхаты және оның бөлiктерiнiң әрқайсысы эмиссиялық емес ордерлiк бағалы қағаз болып табылады.

3. Астық қолхатының әрбiр бөлiгi мынадай мiндеттi деректемелердi бiрдей қамтуға т и i с :

1) уәкiлеттi орган берген код;

2) астық қолхаты бланкiсiнiң сериясы мен нөмiрi;

3) астықты сақтауға қабылдап алған астық қабылдау кәсіпорны салық төлеушiсiнiң атауы, тұрған жерi мен тiркеу нөмiрi;

4) астық қабылдау кәсіпорнының тiзiлiмi бойынша астық қолхатының ағымдағы н ө м i р i ;

5) салық төлеушi заңды тұлғаның атауы, тұрған жерi, мемлекеттiк тiркеу (қайта тiркеу) туралы куәлiктiң нөмiрi, тiркеу нөмiрi не аты-жөнi, сондай-ақ салық төлеушiнiң тiлегi бойынша әкесiнiң аты, тұрғылықты жерi, тiркеу нөмiрi, астықты сақтауға тапсырған жеке адамның жеке басын куәландыратын құжат;

6) астықтың түрi, оның сандық және сапалық сипаттамалары;

7) егер ондай белгіленген болса, астықтың сақтауға қабылданған мерзімі;

8) сақтау төлемі туралы белгі;

9) куәліктің берілген күні;

10) уәкілетті адамның қолы мен астық қабылдау кәсіпорнының мөрі.

4. Осы баптың талабына сай келмейтін құжат астық қолхаты болмайды.

5. Кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлу кезінде қойма куәлігіне мынадай ақпарат бар белгі жасалынады:

1) жеке тұлғаға қатысты - индоссаттың аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша - әкесінің аты мен тұрғылықты жері, заңды тұлғаларға қатысты - индоссаттың атауы және тұрған жері;

2) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің мәні, оның мөлшері, ол бойынша сыйақының ставкасы, орындалу мерзімі;

3) индоссаттың қолы;

4) кепіл куәлігінің бөлінген күні.

6. Кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлу кезінде кепіл куәлігіне мынадай ақпарат бар белгі жасалынады:

1) жеке тұлғаға қатысты - индоссаттың аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша әкесінің аты мен тұрғылықты жері, заңды тұлғаларға қатысты - индоссаттың атауы және тұрған жері;

2) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің мәні, оның мөлшері, ол бойынша сыйақының ставкасы, орындалу мерзімі;

3) индоссанттың қолы;

4) кепіл куәлігінің бөлінген күні.

7. Астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, оларды шығару, сатып алу, сақтау, айналымы, өтеу және жою тәртібін, сондай-ақ астық қолхаттарының үлгісіне қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.

8. Астық қабылдау кәсіпорны уәкілетті органға астық қолхатына қол қоюға уәкілетті адамдардың аты-жөні және әкесінің аты жазылған карточканы, олардың қолтаңбаларының үлгілерін, сондай-ақ астық қолхатына қойылған мөрдің бедер-таңбасының үлгісін табыс етуге міндетті.

9. Астық қолхатындағы қойылған қолдардың, мөр бедер-таңбасының уәкілетті органға берген карточкада көрсетілген қойылған қолдар мен мөр бедерінің үлгісіне сәйкес келмеуі осы астық қолхатын жарамсыз деп тану үшін негіздеме болып табылады.

40-бап. Астық қолхатын және оның бөліктерін ұстаушылардың құқықтары

1. Астық қолхатын ұстаушының астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астыққа астық қолхатында көрсетілген көлемде билік етуге құқығы бар.

2. Қойма куәлігін ұстаушы астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астыққа билік

етуге құқылы, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кепіл куәлігі бойынша борышты өтегенге дейін астық қабылдау кәсіпорнынан астық беруді талап етуге құқылы емес.

3. Кепіл куәлігін ұстаушының:

1) кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлген тұлғадан кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттеменің орындалуын және ол бойынша сыйақы төлеуді талап етуге;

2) кепіл куәлігін және ол бойынша құқықтарды үшінші тұлғаларға беруге құқығы бар.

41-бап. Астық қолхаты бойынша астықты беру

1. Астық қолхатын ұстаушы немесе қойма куәлігін ұстаушы астықты талап ету үшін астық қабылдау кәсіпорнының тұрған жеріне өзі келуге немесе уәкілетті өкілін жіберуге міндетті.

2. Астықты беру астық қолхатын ұстаушының өтініші бойынша өтеуге жататын қойма және кепіл куәліктерінің түпнұсқасына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.";

27) мынадай мазмұндағы 39-1, 40-1, 41-1, 41-2 және 41-3-баптармен толықтырылсын:

"39-1 бап. Астық қолхатын беру тәртібі

1. Астық қолхаты сапасы бойынша бір тектес әрбір астық партиясына беріледі. Тапсырылған астықтың барлық көлеміне берілетін астық қолхатының санын астықтың иесі оған берілген өтінім бойынша айқындайды.

2. Астық қолхаттары астық иесіне астық қолхаттарының тізіліміне тіркеліп және оның қолы қойылып беріледі, оны астық қабылдау кәсіпорны хронологиялық тәртіппен жүргізіп отырады.

3. Жаңа астық қолхатын астық қабылдау кәсіпорны:

1) онда индоссаментті жасау үшін бос орын болмаған;

2) табиғи тозығы жеткен;

3) жоғалған жағдайларда беруі мүмкін.";

"40-1-бап. Астық қолхаты және оның бөліктері бойынша құқықтарды беру

1. Астық қолхаты және оның бөліктері бойынша құқықтар оларда беру жазбаларын жүргізу арқылы беріледі.

Егер кепіл куәлігі бөлінбесе, астық қолхатындағы индоссамент қойма куәлігінде ғана жасалады.

2. Кепіл куәлігін бөлу осы Заңның 39-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.";

"41-1-бап. Кепіл куәлігі бойынша құқықтарды жүзеге асыру тәртібі

1. Қойма куәлігін ұстаушы қойма куәлігінде көрсетілген міндеттемені орындау мерзімі басталғанға дейін кредитор алдындағы міндеттеме мөлшерінде борышты

өтеген кезде кепіл куәлігін ұстаушы кепіл куәлігінде индоссамент жасауға және оны қойма куәлігін ұстаушыға қайтаруға міндетті.

2. Кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттеме орындалмаған немесе дұрыс орындалмаған жағдайда, кепіл куәлігін ұстаушы кепіл куәлігінде көрсетілген астықты өндіріп алуға құқылы.

3. Егер өндіріп алу сәтіне дейін астық қабылдау кәсіпорнынан астықты қойма куәлігін ұстаушы талап еткен, ал астық қабылдау кәсіпорнына кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалғанын және ол бойынша сыйақының төленгенін куәландыратын құжат табыс етілген болса, онда кепіл куәлігін ұстаушы кепіл куәлігін өтеу үшін қайтарып беруге міндетті.

41-2-бап. Кепілге салынған астықты сату

1. Кепіл куәлігін ұстаушы кепілмен қамтамасыз етілген өзінің талабы мерзімінде қанағаттандырылмаған жағдайда, кепілге салынған астықты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сатуға және өзінің талаптарын басқа кепіл беруші кредиторлар алдында басым жабуға құқылы.

Кепіл куәлігін ұстаушының талабын кепілге салынған мүліктің құнынан қанағаттандыру, егер шартта өзгеше белгіленбесе, кепіл куәлігін ұстаушының сенім білдірген тұлғасы ұйымдастыратын және өткізетін сауда-саттықта кепілге салынған астықты соттан тыс тәртіппен мәжбүрлеп сату арқылы жүргізіледі.

Кепіл куәлігін ұстаушының сенім білдірген тұлғасы кепіл берушіге кепіл беру туралы шартта көзделген міндеттеменің орындалмағаны туралы хабарлама жасайды және сонымен бір мезгілде бұқаралық ақпарат құралдарында сауда-саттықтың өткізілетін уақыты, орны, сауда-саттық нысанасы, оны өткізу тәртібі, сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу туралы және кепілге салынған астықтың бастапқы бағасы туралы мәліметтерді қоса алғанда, сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жариялайды.

Сауда-саттық ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап он төрт күннен кейін өткізіледі.

2. Сауда-саттықта астық сатудан түскен сома мынадай кезекпен бөлінеді:

1) бірінші кезекте сауда-саттықты өткізуге және ұйымдастыруға байланысты шығындар жабылады;

2) екінші кезекте астық қабылдау кәсіпорнына сақтау жөнінде көрсеткен қызметі үшін сыйақы төленеді;

3) үшінші кезекте кепіл куәлігін ұстаушының талабы қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте астық сатудан қалған сома қойма куәлігінің түпнұсқасына айырбастауға қойма куәлігін ұстаушыға қайтарылады.

3. Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

41-3-бап. Астық қолхатының жоғалуы немесе бүлінуі

1. Астық қолхаты, қойма куәлігі немесе кепіл куәлігі жоғалған жағдайда тиісті

куәлікті жоғалтқан тұлға бұл туралы астық қабылдау кәсіпорнына жазбаша нысанда
д е р е у х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

2. Жоғалған астық қолхаты, қойма куәлігі және (немесе) кепіл куәлігі бойынша
құқықтарды жүзеге асыру сот шешіміне сәйкес жүргізіледі."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ